



**Қошанова Н.Д.**

**КӨПҚҰРАМДЫ ҚҰРМАЛАС  
СӨЙЛЕМ – МӘТІН  
СИНТАКСИСІНІҢ  
ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ**

*В данной статье рассматривается многосоставное сложное предложение как составляющее синтаксиса текста.*

*Poly-composite complex seintence as a compelling of syntax of text is considered in tehis article.*

Мәтінді грамматикалық аспектіде қарастырған З.Ерназарова мынадай анықтама береді: «Мәтін деп сөйлеуші мақсатына сай аяқталған ойды білдіретін бір немесе бірнеше сөйлемдер тізбегін айтады [1.39]. Тілдің иерархиялық құрылымында мәтін - семантика-синтаксистік құрылым ретінде жоғары деңгей болып есептеледі. Ал сөйлеу бірлігі ретінде мәтін сөйлеммен салыстырғанда бүтіндік сипатқа ие. Осылай талдау шығарманың негізгі идеясын, басты айтар ойын жан-жақты терең түсінуге алып келеді. Мәтіннің жалпы құрылымдық ерекшеліктерін зерттей отырып, ерекшеліктерінің мазмұндық ұғым, категориялар мен тақырып, идея байланыста болатынын ескеріп, әрбір нақтылы мәтінде қарым-қатынастарын анықтау керек.

Қазақ тіл білімінде мәтіннің бөлшектенуіне қатысты құнды ойлар айтқан ғалымдар Т.Қордабаев [2], М.Серғалиев [3], Р. Сыздықова [4], Б. Шалабай [5] т.б.

Қазақ тілінің мәтін құрылымындағы логикалық-семантикалық қатынастардың құрамдары, тілдің түрлі деңгейлердегі бірліктердің мәтін түзімдік қызметі туралы мәселелер С.Мұстафинаның еңбегінде терең талданды [6]. Ол зерттеулердің бірлігі ретінде бойында тұтастық пен байланыстылық сияқты мәтіннің негізгі белгілері бар күрделі синтаксистік тұтастықты алады.

А.Жұбанов мәтін құрылымын зерттеудің қажеттігі ең әуелі оның негізгі бірліктерін анықтап, айыру үшін мәтіндерді сегменттеу ережелерін тағайындап алып, ірі-ірі мәтіндік бірліктерге танысу жағын қарастыруды ұсына отырып, абзац мәселесіне тоқталады [7.60-63].

Мәтінде автордың ойы шағын-шағын үзік хабарламалар арқылы берілетіні анық. Ал осы хабарламалардың бірігіп қосылуынан қомақты хабар пайда болады. Осылайша біріккен хабарламалардың ең шағыны микротема деп аталады да, ал барлық мәтіннің тақырыбы белгілі қатынастық байланыста тұратын бірнеше микротемалардың қосындысы деп есептеледі.

Ғалым З.Ерназарова абзацтарды сөздің функционалды ортақ мақсаттағы бірнеше сөйлесім тізбегі болуы мүмкін екендігін атап көрсетеді [1. 118-119].

Ж.Қойшығұлова мәтінді сөзжұмсам тұрғысынан қарастырады: «Мәтін, біріншіден, кез келген сөйлемдердің кездейсоқ жиынтығы емес. Мәтін - мағыналық-логикалық, формалар-



дың грамматикалық жақтан ұйымдасқан сөзжұмсам бірлігі» [8.15].

Мәтіннің құрылымдық бірліктері күрделі синтаксистік тұтастық болсын, абзацтар болсын, яғни әр шағынмәтіндер сөйлемдер арқылы жүзеге асатыны белгілі. Ол сөйлемдер құрамына қарай жай немесе құрмалас болуы мүмкін, құрмалас сөйлемдерден тұрса, олар не екіқұрамды, не көпқұрамды болуы мүмкін. Сондықтан да көпқұрамды құрмалас сөйлемдерді мәтіннің құрамдас бөлігі деп білеміз. Көбінесе күрделі синтаксистік тұтастық та, абзац та, әсіресе поэзия синтаксисінде көпқұрамды құрмалас сөйлемдермен беріледі.

Көпқұрамды құрмаластардың қайсы түрі болмасын сыңарлары арасындағы мағыналық қатынастар екіқұрамды құрмаластардағыдай бірізді болып келмейді. Олардың арасы бір сөйлемде түсіндірмелі, ынғайластық, себептік сияқты әр түрлі мағыналық қатынаста келуі мүмкін. Сондықтан оларды бір ізге түсіру жағы қиындау болады. Екіқұрамды құрмаластарда көрсетілген мағыналық қатынастардың күрделі құрылымдарда біртекті немесе әртекті болып кезекпен қосарланып келуінде бір шектеулі заңдылық болмайды. Таза құрылымдық тұрғыдан алғанда, құрмалас пен жай сөйлем, құрмалас пен құрмалас немесе жай сөйлем мен құрмалас деген қатынастар болмайтын болса керек. Көп құрылымды құрмаластардағы әрбір жай сөйлемдер – жеке-жеке тұрғанда өз алдына бір-бір дербес бірліктер. Бірақ құрмаластың құрамында үлкен хабардың, күрделі бір ойдың құраушы бөліктері, басыңқыдағы айтылатын негізгі сыртқы ойды толықтырушы, жан-жақты сипаттаушы элементтер болып табылады.

Қазақ тіл білімінде көпқұрамды құрмалас сөйлемдер туралы алғашқы пікір айтқан А.Байтұрсынұлы болатын. Ғалым көпқұрамды құрмалас сөйлемдерді өрнекті сөйлемдер деп атап оған мынадай анықтама береді: «Өрнекті сөйлем деп құрмалас сөйлемдердің бастары қосылып, кестелі болып құрылуын айтамыз. Ондай сөйлемдер нақ текеметке, яки кілемге салынған түр сияқты болмағанмен, өрнек-өрнегімен айтылады. Өрнекті сөйлемді айтқанда дауыс көтеріліп, төмендеп әнше оралып, қайырылып отырады. Сондықтан өрнекті сөйлем оралым (яки шұбыртпа) деп аталады» [9.310].

Оралым екі мүшелі болады. Бір мүшесінде пікір тақырыбы болады да, екіншісінде пікір баяны болады. Сондықтан бастапқы тақырыпшы мүше делініп, екіншісі баяншы мүше делініп айтылады. Мәселен, *Үміт пен қатер безбенге түсіп, кейде үміт, кейде қатер басып, Әбіштер аулына жеткенше жеңісе алмады. Шөп құрап, жатырақ сарғайып, мал-жан тоңазуға айналды (Аймауытов)* деген сөйлемдер қалыпты құрмаластар емес. Себебі әрқайсысының құрамында үш-үш сөйлемнен бар.

1. *Үміт пен қатер безбенге түсіп,*
2. *кейде үміт, кейде қатер басып,*
3. *Әбіштер аулына жеткенше жеңісе алмады.*

Бірақ мұнда жоғарыда А.Байтұрсынұлы айтқандай, құрмаластық сыңарлар бәрібір екеу-ақ. Соңғы үшінші сөйлем пікір тақырыбы да, қалған алдыңғы екеуі пікір баяны болады. Осыдан барып, құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер және құрмаластың сыңарлары деген ұғымдар екі басқа екендігі ұғынылады.

Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін талдау кезіндегі М.Әуезовтің күрделі құрылымдар турасында айтқан тұжырымы да А.Байтұрсынұлы пікірімен үндес. М.Әуезовтің айтуынша, бұл өлең – Махамбеттің барлық басқа өлеңдері сияқты ауызша айтылған, тыңдаушыға қалма-қол суырылып беріліп отырған өлең. Сол ретіне қарай, сапалдатып бір-ақ желдіртіп өткен бір шумақ өлең. Мағына жағынан да барлық жыр бір-ақ ұзақ сөйлем есепті. Неше алуан қатар жарысқан жеке-жеке суреттердің байлауы ең аяққы жолда «Ерлердің ісі бітер ме?» деген бір қайырмамен аяқталады (М.Әуезов).

Ереуіл атқа ер салмай,  
Егеулі найза қолға алмай,  
Еңку-еңку жер шалмай,  
Қоңыр салқын төске алмай,  
Тебінгі терге шірімей,  
Терлігі майдай ерімей,  
Алты малта ас болмай,  
Өзіңнен туған жас бала  
Сақалы шығып жат болмай,  
Ат үстінде күн көрмей,  
Ашаршылық шөл көрмей,  
Өзегі талып ет жемей,



Ер төсектен безінбей,  
 Ұлы төске ұрынбай,  
 Түн қатып жүріп түс қашпай,  
 Тебінгі теріс тағынбай,  
 Темір қазық жастанбай,  
 Қу толағай бастанбай,  
 Ерлердің ісі бітер ме?!

Өлең тек мағыналық жағынан ғана емес, формалық жағынан да бір-ақ сөйлем. Бір күрделі синтаксистік тұтастық, бір абзац. Ерлердің ісі бітер ме?! деген басыңқыдан басқасы түгел көсемше арқылы бір-бірімен сабақтаса байланысқан бағыныңқы сөйлемдер. Қазақ тілінің синтаксисінде мұндай өлең бір көп бағыныңқылы құрмалас сөйлем деп танылып, жарыспалы бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемге жатқызылады. Жиырма шақты жай сөйлемдерден бір бүтін боп құралған бұл құрмалас сөйлем. Өлеңнің басынан бастап *Қу толағай бастанбай* дегенге дейін бір бағыныңқы сыңар да, соңғы сөйлем Ерлердің ісі бітер ме деген – екінші басыңқы сыңар. Бағыныңқы сыңарлардың басыңқымен арасындағы мағыналық қатынас – шарттылық, яғни жарыспалы шартты бағыныңқылы сабақтас.

Көпқұрамды құрмаластардың пайда болуына себепкер – айтушы. Әсіресе, жазба тілде айтушы ойға қазық болатын бас пікірді жан-жақты толықтырып беру мақсатында үш-төрт сөйлемді қырларын келтіре отырып, үздіксіз созылмалы интонациямен береді. Тілдік деректер бойынша, екіқұрамды құрмаластар болмаса, көпқұрамды құрмаластар ауыз-екі тілде көп қолданылмайды. Көпқұрамды құрмаластар құрамындағы предикатив сыңарлардың байланысу тәсілдеріне, ойдың тиянақтылығына қарай *көпқұрамды салаластар, аралас құрмалас сөйлемдер, көп бағыныңқылы сабақтастар, көп басыңқылы сабақтастар, тек бағыныңқылы көпқұрамды құрмаластар* болып беске бөлінеді. Бұлардың әрқайсысының өзіндік белгілері, жасалу жолдары бар.

Көпқұрамды құрмалас сөйлемдердің қазақ тіл біліміндегі зерттелу жағдайын сөз ететін болсақ, құрмалас сөйлемдердің құрылымдық сипаты мен олардың түрлері жайында «Қазақ грамматикасында» [10], Т.Сайрамбаев пен Б.Сағындықұлының «Құрмалас сөйлемдер жүйесі» [11] еңбегінде қарастырылады. Көпқұрамды құрмаластардың көп құрамды салалас, көп бағыныңқылы сабақтас, аралас құрмалас, көп басыңқылы сабақтастармен шектеледі. Көпқұрамды құрмаластардың басыңқысыз тек бағыныңқылармен шектелетін түрі сөз бола бермейді.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі синтаксисінде мәтін синтаксисін оның құрылымдық бөлшектерімен тұтастыққа қарағанда ғана мәтіннің логикалық, семантикалық, құрылымдық белгілері анықталады. Сонын ішінде көпқұрамды құрмалас сөйлемдердің мәтіннің құрамдас бөлігі ретінде мәтін теориясы мәселелерін, тұтас мәтін синтаксисінің бөлшектерін анықтауда; әрқайсысының тұтас мәтін жүйесінде атқаратын қызметін, алатын орнын, өзге мәтін түрлерімен арақатынасын белгілеуде; мәтінді тақырыптық-мағыналық түрлерге топтау, олардың лексика-семантикалық сипатын танытуда; мәтінді аяқталған мағыналық тұтасым ретінде алып, оны композициялық құрылым ретінде айқындауда; мәтін синтаксисін құрылымдық тұрғыдан талдауда және күрделі синтаксистік тұтастықтың мәтін синтаксисіндегі қызметі мен бөлшектерін анықтауда қызметі ерекше.

#### Әдебиеттер:

1. Ерназарова З.Ш. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. Алматы, 2001.
2. Қордабаев Т. Поэзиялық шығармалардың синтаксистік құрылысы. – Тарихи синтаксис мәселелері. Алматы, 1964.
3. Серғалиев М., Мүсірепова Б. Күрделі синтаксистік тұтастық. – Алматы, 1989.
4. Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. – Алматы, «Ғылым», 1970.
5. Шалабай Б. Қатысым синтаксисі. – Алматы, 1998. -56 б.
6. Мустафина С.С. Текстобразующие средства казахского языка. - Алматы, 1989.-182 с.
7. Жұбанов А. Абзац – мәтін құрылымының негізгі семантикалық компоненті. //ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №4 (76).
8. Қойшығұлова Ж. Қазақ мәтінінің күрделі синтаксистік тұтасым // абзац деңгейінде мүшеленуі. Филол. ғыл. канд. ...дис. - Алматы, 2001.
9. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992.
10. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.
11. Сайрамбаев Т., Сағындықұлы Б. Құрмалас сөйлемдер жүйесі. - Алматы: «Қазақ университеті», 2007.